**Автор**: Нұрлан Мөлдір Нұрланқызы
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Экология және тұрақты даму
**Тақырып**: Экологиялық факторлар

---

| | |
|---|---|
| Экологиялық факторлар | 5.6.1.4. Экожүйелер қызметіне экологиялық факторлардың әсерін түсіндіру<br>• Экологиялық факторларды жіктеу<br>• Экожүйеге экологиялық факторлардың әсерін анықтау<br>• Биотикалық, абиотикалық, антропогенді факторларға мысал келтіру. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (Сабақтың ортасы) | Ұйымдастыру кезеңі<br>Білу.Түсіну. Топқа бөлу.(барлық сынып)<br><br>Суреттер арқылы оқушылар жауабын қорытындылап, сабақ тақырыбы мен мақсатын ашады. Бейнебаян арқылы тақырыпты ашу. Талдау, Қолдану Мәтінмен жұмыс.<br>1 топ Аскарида, дельфин, шағала, түйеқұс, акула, қайың, қыран, қарға, сазан, ағаш тамыры, ламинария, көртышқан, медуза, жауын құрты, көбелек, бұғы, бактериялар, қасқыр, бит, гидра, ит кенесі, бүрге. Сұрақ : Бұл ағзалардың мекен ету ортасына бейімделу түрлерін анықтаңыз?<br>2 топ Макетте берілген жан-жануарлардан қоректік тізбек жасау.<br>3 топ орман өрті, қоян аулау, қардың жаууы, атмосфераның ластануы, аюдың таңқурайды жеуі, аптап ыстық, кәріз суының өзенге ағуы, өсімдіктердің тозаңдануы, жаңбыр Сұрақ: Берілген фотоларды факторларға топтастырыңыз.<br>Кері байланыс: оқушы – оқушы, мұғалім - оқушы Оқушыларға табиғаттың «тірі» факторларының сызбасын құруды ұсыну. Ол үшін әр оқушы А4 форматында өзі таңдаған экологиялық фактор мысалының суретін салады. «Тірі сызбада» болуы мүмкін мысалдар: жел, жаңбыр, қар, өрт, ормандарды кесу, жыртқыштардың құрбандарды жеуі. Оқушыларды мысалды таңдауда қиындық туындаса мұғалім көмек көрсетеді. Оқушылар үш бағыт бойынша суреттерден «тірі сызбасын» құрайды: тірі, өлі, антропогенді факторлар. Кері байланыс: оқушы - оқушы. Жинақтау. «Шыбын аулау» әдісі. Кері байланыс: оқушы - оқушы.<br>Рефлексия:« 3 Қ» әдісі Сізге не қатты ұнады? Сізге не қызықты болды? Сізге не қиын болды? | https://youtu.be/-0Sbj8LsQ-o |